

**ЕЗЕМЕН ҚАЗАҚСТАН**

## Ұлт бағына туған тұлға

ЕЛ АМАН БОЛСЫН, ЕЛ ҮШІН ТУҒАН ЕР АМАН БОЛСЫН!



Өзін ойлаған – құлқынының құлы, халқын ойлаған ұлы! Сымбаты бөлек сырын, құпиясы көп қырын екiнiң бiрi ұға бермейтiн Ұлылық – тiреусiз Аспан жаратқан, көк күмбездей төңкерiлген зеңгiр көкке Ай мен Күн орнатып, оны алтын шеге – сансыз жұлдыздармен бекiткен құдiретi шексiз, шапағаты мол Алла тағаланың ерекше мейiрi түсiп, өзгеше жаратқан бiтiмi бөлек, тұлғасы ерек ерен сүйiктiсiне берген үлкен сыйы. Қазақстан Республикасының бүкiл халық сайлаған тұңғыш және қазiргi Президентi – Елбасы Нұрсұлтан Әбiшұлы Назарбаев сынды ел бағына туған тұлға жайлы ойлағанда қаламға оралған алғашқы ой осы. Бұлай деуiмiз жалаң мадақ, жай сөз емес. Бес мыңнан астам ұлт пен ұлыстың жүз тоқсан екiсi ғана мемлекеттiк деңгейге жеттi, тәуелсiз болды. Соның бiрi, бiрегейi – Қазақстан. Бұрыннан бар, барлық жүйесi қалыптасқан мемлекеттi басқару да оңай емес, ал күлi көкке ұшқан кеңестiк жүйеден мұраға қалған, экономикасы тығырыққа тiрелген елде жаңадан мемлекет құру – тақыр жерге тау тұрғызғанмен бiрдей ерлiк емес пе?! Нұрсұлтан Әбiшұлының Жаратқан Ием сыйлаған қымбат қасиетiнiң бiр қыры осы қиын кезде анық танылды. «Шын сөз – құдiреттi сөз» дептi Мұхаммед пайғамбар. Тәттi өтiрiктен ащы шындық артық. Ана бiр жылы Тәуелсiздiктiң елең-алаңында халық жалақыға зар болып, ел жәрдемақыларын ала алмай жатқан қиын кезде Нұрсұлтан Әбiшұлы ереуiлге шыққан шахтерлерге барып, «Мен өтiрiк уәде бере алмаймын, қиындыққа төзсек, бiрлiк болса, бәрi орнына келедi», деп ащы да болса ашығын айтты. Кейбiр солақай саясаткерлер құсап шындықтан жалтарып, жалған сөйлеген жоқ. Жүректен шыққан сөз жүректерге жеттi. Ел босқа дүрлiкпей, белдi бекем буып еңбек еттi. Елi еңбеккер, ел бастаған ерi кеменгер болса алынбайтын асу жоғын



Қазақстан әлемге паш еттi.

Бiр бұл ғана ма?! Елбасының көрегендiгi мен ерлiгiнiң арқасында төл теңгемiздi дер кезiнде жасап, ай сайын өсiп, күн сайын құлпырып келе жатқан Астана сынды жас та жасампаз қала салып, ЕҚЫҰ-ның саммитiн өткiзiп, Астана декларациясын қабылдап, т.б. толып жатқан тарихи ұлы iстердi жүзеге асырып, тәуелсiздiктiң 22 жылында ғасыр жүгiн еркiн көтерiп кеттiк. Елбасы Н.Назарбаевтың өз сөзiмен айтсақ: «Қазақ елi өткен 22 жылда қыруар iс тындырды. Бiз үлгiлi дамудың өзiндiк моделiн қалыптастырдық. Әрбiр отандасымыздың жүрегiнде елiмiзге деген шексiз мақтаныш сезiмiн орнықтырдық. Қазақстандықтар ертеңiне, елiнiң болашағына сенiммен қарайды. Халықтың 97 пайызы әлеуметтiк ахуалдың тұрақтылығын және оның жыл өткен сайын жақсара түскенiн

айтады. Бүгінде Отанымыздың жетістіктері – әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақ мерзімді жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет!». Мамыр айының 29-ында, 2014 жылқы жылы Астанада Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекеттерінің басшылары Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қойды. Елдің ертеңіне кең жол ашқан бұл одақ жайлы ойды Елбасы бұдан жиырма жыл бұрын Мәскеудегі М.В.Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінде алғаш айтқан болатын. Нұрсұлтанның алдағыны көріп, алысты болжайтын ерекше қасиетін өмір өзі көрсетті. Осы тарихи құжаттың бүгінгі бекем, келешегі кемел еліміздің онан әрі дамып, гүлденуіне қуатты серпін беретініне барлық қазақстандықтар сияқты мен де сенімдімін. «Біз дамыған 30 елдің тобына кірудің маңызды тетігі арқылы экономикамыздың өңірлік, жаһандық экономикалық жүйемен терең ықпалдасуын айқын көріп отырмыз. Бұл, ең алдымен, Еуразиялық экономикалық одақ қалыптастыруға қатысуымызға, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруімізге байланысты», – деді Елбасы. Алшы түсер асыққа құйылған қорғасындай көкейге қона кететін сөз бұл! Өзін сыйлайтын, келешегім кемел болсын дейтін жеке тұлға да, мемлекет те өз қазанында өзі қайнап, өзімен өзі томаға тұйық өмір сүре алмайды. Дүние дөңбекшіген мына аласапыран уақыт, алмағайып заманда алыс-беріс, барыс-келіссіз өмір – есігінді тарс жауып алып, сырттан таза ауа кіргізбей өзінді өзін тұншықтырумен бірдей. Еуразиялық экономикалық одақ еліміздің өрісін кеңейтеді. Бір ғана мысал. Қазақстан халқының саны он жеті миллион. Еуразиялық экономикалық одақ арқылы алдан айқара ашылар рыноктың көлемі жүз жетпіс миллион болғалы тұр. Бұл одақ бизнес үшін жаңа кәсіпорындар ашуға, жұмыс орнын көбейтуге, жастардың білім алу өрісін кеңейтуге, т.б. жағымды жаңалықтарға бастама болады. Н.Назарбаевтың: «Еуразиялық экономикалық одақты біз жаһандық байланыстармен етене жымдасқан, Еуропа мен дамып келе жатқан Азия ареалдары арасындағы берік көпір түріндегі ашық экономикалық қоғамдастық ретінде көреміз», деуі де содан. Елбасы көтерген бірімен-бірі тамырлас, сабақтас көптеген көркем, өміршең идеялар Қыз Жібектің көз жауын алған сымбаты бөлек сұлу көшіндей болып сонадайдан сом тұлғалы ұлылықты танытады. Мың мысалдан бір мысқал – Кеңес өкіметі құлаған соң ТМД елдеріне ақпараттық аштық қауіпі төнді. Сол кезде Нұрсұлтанның бастамасымен ТМД елдеріне хабар тарататын «Мир» телеарнасы ашылды. Оның тұңғыш басшысы, Қазақстан азаматы Ғаділбек Шалахметов болды, бұған Қазақстан Президентінің биік беделі ықпал жасағаны анық. ТМД елдеріндегі мәдени, әдеби, т.б. жаңалықтарды ТМД халқына таратып отырған жалғыз ақпарат көзі – осы «Мир» телеарнасы. Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қоя салып жедел Түркияға аттанған Елбасы Бодрум қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің мемлекет басшылары деңгейіндегі төртінші саммитінде бүкіл түркі жұртына ортақ телеарна ашу жайлы жаңа идея айтты. Бұл идеяның да маңыздылығы мен өміршеңдігі айдан анық. Көп векторлы саясатты ұстанған еліміздің көшбасшылығын бүгінде бүкіл әлем мойындап отыр. Содан да болар, өзге түгіл өзіне қатаң талап қоятын темірледи Маргарет Тэтчер: «Мен оған өте сенемін және оның Қазақстанда атқарып жатқан істерінің бәрімен келісемін... Бүгінде әлем бес немесе алты ықпалды саясаткерді біледі, Н.Ә.Назарбаев солардың арасында», деп ағынан жарылды. Ал Түркияның Президенті Абдолла Гүл: «Нұрсұлтан Назарбаев біз үшін Қазақстан Президенті ғана емес, ол, сонымен қатар, бүкіл түркі дүниесінің лидері» деді. АҚШ Президенті Барак Обама, БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун, Еуропалық Одақ президенті Херман Ван Ромпей, т.б. сырт көз сыншылар Н.Назарбаевтың бітімі бөлек, елден ерек екендігі жайлы разылықпен айтты. Күні кеше, 12 маусым күні Ақмола облысындағы Бурабайда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Қазақстан Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің жалпы отырысында Елбасы қол қойған заң шеңберінде

инвесторларға үлкен жеңілдіктер жасалды. Бұл шешім ел экономикасына құятын инвестициялардың көлемін ұлғайтары анық. Бурабайдағы келелі кеңес кезінде халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесінің туы тапсырылды Елбасыға. Бұл да символикалық мәні бар оқиға. Қазақстан Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев былай деп жазды: «Тағы да айқындаушы тарихи сәт келіп жетті, біз планетаның озық мемлекеттері қатарына кіруге, іс жүзінде жана әлемнің жаңа елін құруға тиіспіз. Бұл үшін бізде барлық ресурстар бар, тиісті реформалар жүргізілді. Біздің тұрлаулы еліміз, білімді халқымыз, қабілетті кадрларымыз бар. Біз өзіміздің шикізат ресурстарымызға тәуелді емес, баламалы экономика құрып жатырмыз. Мен барша халқымды жарқын болашаққа жол бастайтын адамзат баласының мәңгілік құндылықтары – ерік-жігер мен еңбексүйгіштік, мақсаткерлік қасиеттерді бойға сіңіруге шақырамын. Мен ХХІ ғасыр Қазақстанның «алтын ғасыры» боларына сенемін. Бұл бейбітшіліктің, тұрақтылық пен гүлденудің ғасыры болады. Қазақстан халқы ұлы тарихтың иесі атануға лайық». Тіреусіз аспан жаратқан, көк күмбездей төңкерілген зәулім көкке Ай мен Күн орнатқан Алла тағаланың ерекше мейірі түсіп, өзгеше жаратылған бітімі бөлек, ерлігі ерен, Ел бағына туған тұлғаның әр сөзі адастырмас ақ жұлдыз. Бағыт беріп тұрған бағдаршамның бірі осы сөз Елбасының тағы бір сөзі: «Біз өз жетістіктеріміз үшін мақтаныш сезіміне бөленеміз. Әлемдік дағдарыс біздің мемлекет пен қоғам ретінде орныққанымызды растады. Біздің шекарамыз, саяси жүйеміз, экономикалық үлгіміз ел ішінде де, одан сыртқары жерде де ендігі жерде елеулі келіспеушіліктер мен талас-тартыстардың өзегіне айналмайды. Енді біздің алдымызда жаңа міндет тұр. Біз мемлекетіміздің ұзақ мерзімді кезеңге бағдарланған одан әрі даму векторын күшейтуге тиіспіз», деп сыр шертеді. Мұның бәрі қыздырманың қызыл тілі емес, іштен шыққан ішті сөз. Қашанда бүкпесіз сөйлеп, ашығын айтады Елбасы. Себебі, ол еліне арқа сүйейді, халқы оған сенеді. «Халқына – бегі, бегіне – халқы сенген ел ұзақ жасайды» (Күлтегін). Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жайлы сөз болғанда менің ойыма Бұқар жыраудың: «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай», деген сөзімен жарыса Вольтердің «Мемлекетті құтқару үшін бір ғана ұлы тұлға жеткілікті», деген парасат пайымы оралады. Азия мен Еуропа алыптарының осы сөз, осы ойы «елін сүйген, елі сүйген Елбасы» (М.Қасымбеков) Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арнап айтылғандай.

**Сәбит Досанов**